

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федералдық Экономика және еңбек министрлігі арасындағы Экономикалық ынтымақтастықты ұйымдастырудың негізгі ережелері туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1231 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федералдық Экономика және еңбек министрлігі арасындағы Экономикалық ынтымақтастықты ұйымдастырудың негізгі ережелері туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Жоба

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федералдық Экономика және еңбек министрлігі арасындағы Экономикалық ынтымақтастықты ұйымдастырудың негізгі ережелері туралы

Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федералдық Экономика және еңбек министрлігі,

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы Экономика, өнеркәсіп, ғылым және техника саласындағы кең ауқымдық ынтымақтастықты дамыту туралы 1992 жылғы 22 қыркүйектегі келісімді басшылыққа ала отырып,

өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, инфрақұрылымды және Қазақстан Республикасында қызметтер көрсетуді дамытуға кәсіпорындардың нарықтық-экономикалық ережелер бойынша нақты еркін қатысуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтыла отырып,

Қазақстан-германия сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобының қызметін жандандыру қажеттігін назарға ала отырып, мына төмендегілер туралы осы Келісімді жасасуға келісті:

1-бап

Бірлескен экономикалық міндеттер

Тараптар өз құзыреті шегінде мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады:

1. Жасалған халықаралық шарттар ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету, әсіресе:

1.1. Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы Инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы 1992 жылғы 22 қыркүйектегі келісім;

1.2. Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы Экономика, өнеркәсіп, ғылым және техника саласындағы кең ауқымдық, ынтымақтастықты дамыту туралы 1992 жылғы 22 қыркүйектегі келісім.

2. Халықаралық тендерлерде қазақстандық және германдық кәсіпорындар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

3. Сауда-экономикалық және коммерциялық міндеттерді орындау үшін маңызды басқа да ведомстволармен бірлескен шараларды үйлестіру.

4. Тараптар мемлекеттерінің кәсіпкерлік субъектілерінің ішкі экономикалық қызметін:

бірлескен кәсіпорындар құру кезінде;
экономиканың қайта өңдеу секторында өнім өндірісін инвестициялау кезінде;
инновациялық технологияларды енгізу кезінде;
өндірілетін тауарлардың сапасын және бәсекеге қабілеттігін арттыру кезінде қолдау.

5. Қазақстан Республикасының шыққан тегі неміс азаматтарын екі жақты экономикалық ынтымақтастыққа тарту үшін қажетті жағдайлар жасау.

6. Қазақстан Республикасының өңірлері мен Германия Федеративтік Республикасының жерлері арасындағы экономикалық ынтымақтастықты қолдау.

2-бап

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін қолдау және бірлескен жобаларды Тараптар құзыреттерінің шеңберінде іске асыру тетігі

Тараптар олардың иелігіндегі қолдаудың мынадай сыртқы- экономикалық тетіктерін пайдаланатын болады:

"Ойлер-Гермес-КредитФерзихерунг" германия сақтандыру ұйымы мен "Мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" қазақстандық акционерлік қоғамы арасындағы экспортты сақтандыруды, егер ол экономикалық ақталған және Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федералдық экономика және еңбек министрлігінің құзыретіне жататын болса жүзеге асыруға жәрдемдесу;

мүмкіндігінше өзара негізде кәсіпорындарды қолдау жөніндегі іс-шараларды өткізу (Іс-шаралар жоспары жыл сайын 3-қосымшаға сай нысан бойынша келісілетін болады);

экономикалық қызмет пен жобалардың мониторингі (1-қосымшаға сәйкес); шағын кәсіпкерлікті оның субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметінде қолдауды жүзеге асыру.

3-бап

Қазақстан Республикасының саяси-экономикалық міндеттерін іске асыруда Германия Федеративтік Республикасының Федералдық Экономика және еңбек министрлігінің қолдауы

Федералдық Экономика және еңбек министрлігі Қазақстан Тарапына мынадай бағыттар бойынша көмек көрсететін болады:

1. Даму мен инвестициялар жөніндегі қазақстандық бағдарламаларды, сондай-ақ Германия Федеративтік Республикасы Федералдық Экономика және еңбек министрлігінің иелігіндегі ақпараттық құралдар арқылы германдық қолдау кезінде жүзеге асырылатын тендерлер мен жобаларды насихаттау.

2. Бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропалық Қауымдастық және оларға мүше мемлекеттер арасындағы Серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімде қамтылған сауда- экономикалық, әсіресе қазақстандық тауарларды Еуропалық рынокқа жіберуге қатысты мүмкіндіктерді т о л ы ғ ы м е н а ш у .

3. Германия/еуропа өнеркәсіптік нормалары мен стандарттарын Қазақстанға е н г і з у д і қ о л д а у .

4. Мемлекеттік және жеке неміс оқу орындарымен ынтымақтастықта қазақстандық менеджерлерді Германияда даярлау.

5. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің ынтымақтастығын жандандыруға бағытталған іс-шараларды қолдау.

4-бап

Ынтымақтастықтың құрылымдық-ұйымдық нысандары

Қазақстан-германия сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі жұмыс тобы осыған дейін жұмыс істеп келген Қазақстан- германия Кооперациялық кеңесті ауыстырады және екі жақты сауда және кооперациялық қатынастардың саяси тұғырнамасын жасайды.

Тараптар осы Келісімді іске асыру мақсатында Қазақстан- германия сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жұмыс тобының кезекті мәжілісі барысында өз өкілдерінің қатысуымен Қазақстан-германия сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобының тұрақты органы ретінде "Сауда және инвестициялар" ведомствоаралық жұмыс тобын құру мүмкіндігін қарастырады. "Сауда және инвестициялар" ведомствоаралық жұмыс тобы құрылған жағдайда:

"Сауда және инвестициялар" ведомствоаралық жұмыс тобының мәжілістерін өткізу мерзімдері, күн тәртібі Тараптардың келісімі бойынша айқындалатын болады;

"Сауда және инвестициялар" ведомствоаралық жұмыс тобының мәжілістеріне қажет болған кезде Тарап мемлекеттерінің кәсіпкерлері тартылатын болады;

Тараптар Ведомствоаралық жұмыс тобы қызметінің шеңберінде тақырыптық семинарлар, форумдар ұйымдастыруы мүмкін. Көрсетілген іс-шараларды қаржыландыру мәселелерін Тараптар жекелеген Хаттамалар негізінде реттейтін болады ;

Ведомствоаралық жұмыс тобының іс-шаралары кезегімен Қазақстан мен Германияда өтетін болады және оларға қатысуға байланысты шығыстарды әр Тарап дербес мойнына алатын болады.

Шағын және орта кәсіпорындардың өкілдері делегациясының сапарлары, кәсіпорындардың мүдделеріне сәйкес өзара негізде жүзеге асырылады.

Делегацияның баратын елде болуымен байланысты шығыстарын жіберуші Тарап, ал мәжілісті өткізу жөніндегі шығындарды шақырушы Тарап мойнына алады.

Қажет болған жағдайда екі Тарап нақты мәселелер бойынша жоғары деңгейдегі саяси-экономикалық келіссөздерге мүмкіндік жасайды. Тараптар екі елдің өңірлері мен сауда-экономикалық палаталары деңгейінде сыртқы экономикалық байланыстарды, сондай-ақ жекелеген заңды және заңды тұлғалардың экономикалық бастамаларын қолдайды.

Жоғарыда аталған іс-шараларды үйлестіру мен дайындау үшін, сондай-ақ проблемалық сәттерді жылдам анықтау және шешу үшін Тараптар мемлекеттерінің елшіліктерін тарта отырып, "Сауда және инвестициялар" ведомствоаралық жұмыс тобы тұрақты жұмыс байланысын қамтамасыз етеді.

Бұл үшін олар әр тараптан Жұмыс тобының бір хатшысын тұрақты байланыс серігі етіп тағайындайды.

5-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

Осы Келісімге төменде санамаланған қосымшалар ақпараттық сипатқа ие және тұрақты жаңартылатын болады:

1. Екі тараптың қатысушы кәсіпорындары мен банктерінің қалауы бойынша саяси қолдау қажет нақты жобалардың тізімі ("Сауда және инвестициялар" ведомствоаралық жұмыс тобы арқылы мониторинг).

2. Германиялық құрылымдар мүмкіндігінше қатыстырылатын экономика және индустрия саласындағы басымды жобалар бойынша қазақстандық ұсыныстар.

3. Кәсіпкерлік қызметті қолдау үшін екі Тараптың нақты шараларын ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны (экономикалық форумдар, шағын және орта кәсіпорындар үшін экспортты қолдау жөніндегі іс-шаралар және таяу арадағы қажетті консультациялар).

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешетін болады.

7-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың біреуі екінші Тарапты осы Келісімнің қолданылуын тоқтатуға өзінің ниеті туралы жазбаша хабардар еткен күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады қолданылады.

2003 жылғы "___" _____, _____ қаласында қазақ, неміс және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей. Құжаттың мәтінін әртүрлі оқуға байланысты даулар туындаған жағдайда екі Тарап та орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда
министрлігі үшін

Германия Федеративтік
Республикасының
Федералдық Экономика

және еңбек министрлігі үшін

2003 жылғы "___" _____ Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда министрлігі мен Германия
Федеративтік Республикасының Федералдық Экономика

және еңбек министрлігі арасындағы Экономикалық
ынтымақтастықты ұйымдастырудың негізгі ережелері
туралы келісімге қол қоюға келісімге
1-қосымша

Жобалардың мониторингі

Р/с N	Кәсіпорын	Жоба	Ескерту
1.	Ферроштааль АГ	Қазақстанның мұнай индустриясы үшін Тендер шеңберінде өтінім берілді спиралдық тігіс құбырлар өндіру жөніндегі зауыттар салу ("ҚазМұнайГаз" ҰК "ЖАҚ")	
2.	Ферроштааль АГ	Газ құбыр өткізу және Азия" ЖАҚ-қа берілді ж а ң ғ ы р т у	Ұсыныс "Интергаз Орталық
3.	Ферроштааль АГ	Павлодардағы Усыныс кезеңінде алюминий зауыты үшін алюминий балқытпаларын ж е т к і з у	
4.	ЕАДС Германия ГмбХ	Ұтқыр радар кластерлерін жеткізу	Келіссөздер жүргізілуде, қаржыландыру мәселесі ш е ш і л у д е
5.	Винтерсхалл АГ	Қашаған мұнай	Алдағы тендерге қатысады секторындағы блокты б а р л а у
6.	ДОЙТАГ	ОКИОК консорциумы	Қосымша тапсырыстарға шеңберінде офшорлы мүдделі

б ұ р ғ ы л а у
қ о н д ы р ғ ы л а р ы н
ж е т к і з у

- | | | |
|---|--|---|
| 7. Пройссаг Энерги | "Ақтөбе Пройссаг | Салық проблемасы
М ұ н а й Л т д . "
м ұ н а й Б К |
| 8. Бентек ГмбХ | Мұнай өнеркәсібі
үшін бұрғылау
қондырғылары | "ҚазМұнайГаз" ҰК"
ЖАҚ арқылы қосымша
тапсырыстар |
| 9. Бентек ГмбХ | Петропавлда ұтқыр
б ұ р ғ ы л а у | Неғұрлым кеңінен қатысу
ниетінде
қ о н д ы р ғ ы л а р
ф а б р и к а с ы н с а л у |
| 10. Старториус АГ | "Хайтек ноу-хау
қоса алғанда жоғары
дәлдікті өлшем
аспаптарын жеткізу | Алғышарттар: Өлшемдер
саласында Федералдық
физика-техникалық
ведомство атынан
қ а з а қ с т а н д ы қ
с е р і к т е с т е р м е н
ынтымақтастық туралы
ш а р т ж а с а с у |
| 11. Жинақ
кассаларының
халықаралық
кооперациясы қоры | | Қазақстанда құрылыс
жинақ кассалары
жүйесін дамыту
(серіктес - ЛБС
М ю н с т е р қ а л а с ы) |
| 12. Папенбург АГ | Жол құрылысындағы
түрлі жобалар | Германдық стандарттар
мен тиісті бағаларды
қ о л д а н у |
| 13. Тройханф | Жабайы қарасораны
индустриялық қайта
өңдеу. | БК Алғышарттары:
1) "Құрамында есірткі
бар өсімдіктерді |

"ТЧС Фарм интернайшенел ЖШС - өнеркәсіптік қайта өңдеу жөніндегі қазақстандық өндірістер кешенін тараптан серіктес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 37 қаулысы 2) "Тройханф" компаниясымен зауыттар құрылысын инвестициялау туралы уағдаластық. Өнеркәсіптік қайта өңдеу мақсатында қарасораны қолдануды шектейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жетілмеуіне байланысты проблемалар бар.

14. Кнауф

ДЕГ-тың қатысуымен БК "ТНС Pharm International фирмасымен (Алматы қаласы) бірлесіп

2003	жылғы	"__"	Қазақстан	Республикасының
Индустрия	және	сауда	министрлігі	мен Германия
Федеративтік	Республикасының	Федералдық	Экономика	
және еңбек	министрлігі	арасындағы	Экономикалық	
ынтымақтастықты	ұйымдастырудың	негізгі	ережелері	
туралы	келісімге	қол	қоюға	келісімге
2-қосымша				

Басым халық шаруашылығы жобаларына германияның қатысуы үшін қазақстандық ұсыныстар

Экономикалық сала	Жоба	Ықыласты серіктес
Ауыл	Астық жинайтын комбайндар	Клаас фирмасы;

шаруашылығы

техникасы

лизинг

Машина жасау

мен басқа да техниканы

Дойтц-Фар фирмасы

бірлесіп жөндеу және

Лениногорск және Өскемен

қалаларында ұнтақтау

машиналарын, диірмендерді,

тұқым сепкіш, флотациялық

машиналар мен қосалқы

бөлшектер өндіру

жөніндегі кәсіпорын

ұйымдастыру

Тау-кен және карьер

жабдықтарын өндіру

жөніндегі кәсіпорын

ұйымдастыру

Кентау қаласында ашық

тәсілмен әзірлеуге

арналған экскаваторлар

өндіру жөніндегі

кәсіпорын ұйымдастыру

Павлодар қаласында

майыспалы тығыздау

өндіру жөніндегі

кәсіпорынды

ұйымдастыру

Атырау және Арыс

қалаларындағы

локомотивті зауытта

өздігінен жүретін

шағынмашиналар,

думпкарлер мен ашық

жүк машиналарды

өндіру жөніндегі

кәсіпорынды ұйымдастыру

Қызылорда қаласында сүзу
материалдарын өндіру
жөніндегі кәсіпорынды
ұйымдастыру

Семей қаласында кенге
арналған жүк кемелерінің
өндіру жөніндегі кәсіпорын
ұйымдастыру

Түркістан қаласында
циклондық жабдықтар,
өндірістік желдеткіштер
мен басқа да техникалық
құрал-жабдықтар өндіру
жөніндегі кәсіпорынды
ұйымдастыру

Қарағанды қаласында
мұнай өнеркәсібі үшін
электр дәнекерлеу
құбырларын дайындау

Ауыл
шаруашылығы

Ветеринарлық,
фармакологиялық
және дезинфекциялық
препараттар өндіру
жөніндегі кәсіпорынды
ұйымдастыру
Биенің сүті негізінде ана
сүті алмастырғышты
дайындау

"Астана-Агропромтехника"
фирмасымен ауыл-шаруашылығы
техникасының өндірісі
жөніндегі тәжірибе алмасу

Көлік

Еуропа мен Қытай арасындағы "Вили Бетц" фирмасы
көліктік тасымалдауларды
жүзеге асыру үшін
көлік-экспедициялық фирма

Қорғаныс

құру
"МИГ" тұрпатындағы ұшақтарды Даймлер-Крайслер АГ

өнеркәсібі

Химия өнеркәсібі

Павлодарда қазақстандық

жаңғырту

PBE Солуюшен АГ

хлордан, фосфордан,

күкірттен, алюминийден

жоғары қосылған құны бар

өнімдер шығаруды

ұйымдастыру

Мұнай-химия өнеркәсібіне

қазіргі заманғы

технологияларды енгізуді

қолдау

Өмірлік маңызы бар

медикаменттерді, соның

ішінде қатерлі ісікке

қарсы "Арглабин"

препаратын дайындау

Германияда препаратты

БиоМедика Ворпсведе

халықаралық стандарттар

мен сертификаттар бойынша

клиникалық зерттеуді

жүргізу

Қарағанды қаласында

Луржи Лайф Сайнс

"Арглабин" препаратын

Техноложиес ГмбХ

өндіру жөніндегі

зауыт салу

"Шымкентфосфор" ААҚ

базасында фосфорлық

өнеркәсіп қалдықтарын

кәдеге жарату жөніндегі

бірлескен кәсіпорын

салуды

2003 жылғы "___" _____ Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда министрлігі мен Германия
Федеративтік Республикасының Федералдық Экономика
және еңбек министрлігі арасындағы Экономикалық
ынтымақтастықты ұйымдастырудың негізгі ережелері
туралы келісімге қол қоюға келісімге
3-қосымша

Іс-шаралар жоспары

Бастамашы	Орны/Уақыты	Іс-шара	Ұйымдастырушы	Ескерту
-----------	-------------	---------	---------------	---------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК